

Биология және биотехнология факультеті

Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау мамандығы



Тексерген: Лиясова А.А
Орындаған: Шүйіншәли А.С

□ Тақырыбы:

Қарым-қатынас және конфликтология

ЖОСПАР:



1. Кіріспе
 - 1.1. Қарым-қатынас туралы түсінік
2. Негізгі бөлім
 - 2.1. Қарым-қатынастың қызметі
 - 2.2. Қарым-қатынастың зерттелуі
 - 2.3. Конфликтология ұғымы
 - 2.4. Конфликттің түрлері
3. Қорытынды бөлім
4. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме

Қарым-қатынас ұғымы

□ *Қарым-қатынас*— адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

□ Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады. Қарым-қатынастың *интерактивті, коммуникативті, перцептивті* деген үш жағы және *мезо, макро, микро, рухани, іскер, т.б.* деңгейлері болады.

Қарым-қатынас мысалдары



Қарым-қатынастың қызметі

- 1
 - Ақпараттық-коммуникативтік
- 2
 - Реттеуші- коммуникативтік
- 3
 - Аффективті-коммуникативтік

- ✓ ***Қарым-қатынас әрекеті*** – бұл коммуникативті іс-әрекеттің бірлігі, басқа адамға өзінің объектісі ретінде бағытталған тұтас акт.
- ✓ ***Қарым-қатынас әрекетінің екі негізгі категориясы:***
 - ✓ — инициативті актілер;
 - ✓ — жауап беруші актілер.
- ✓ ***Қарым-қатынас міндеті*** – қарым-қатынас процесінде жүзеге асатын мақсатқа бағытталған әртүрлі әрекеттер.
- ✓ ***Қарым-қатынас мақсаты мен міндеті*** -өзара сәйкес келмеуі де мүмкін.
- ✓ ***Қарым-қатынас құралы*** – бұл қарым-қатынас әрекеті жүзеге асатын операциялар.
- ✓ ***Қарым-қатынас өнімі*** – қарым-қатынас негізінде пайда болған материалды және рухани сипаттағы түсініктер.

Қарым-қатынастың зерттелуі

Қарым-қатынас мәселесі 2-3 онжылдықта зерттеушілердің көңілін аударып отыр. Бірақ зерттеушілер қарым-қатынас түсінігіне біркелкі анықтама бермейді. М.Н. Щелованов, Н.М. Аксарина – қарым-қатынас деп үлкендердің балаларға бағытталған мейірімді сөйлеуін атайды; М.С. Коган, 1974 – адам қарым-қатынасы ретінде оның табиғат пен және өз-өзімен сөйлесе алуын айтады. Кейбір зерттеушілер адамның машинамен өзара қатынасының шындық екенін мойындайды, бірақ басқалар жансыз заттармен тілдесу тек метафоралық мәнге ие екендігін көрсетеді. Шетелдерде қарым-қатынастың көптеген дифференциасы ұсынылған Д. Денцстің мәліметтеріне байланысты А.А. Леонтьев (1973), ағылшын тілд» әдебиеттерде 1969 жылдың өзінде қарым-қатынас түсінігінің 96 анықтамасы болғанын көрсетеді. М.И. Лисинаның пікірінше, қарым-қатынас екі адамның немесе одан да көп адамдарың өзара әрекеттесуі мен келісушілікке бағытталған қатынасты орнықтыру мақсатындағы күштердің біріктірілуі және жалпы нәтижеге қол жеткізуі.

Конфликтология



□ **Конфликт** (лат. **conflictus** – **қақтығыс**) – екі немесе бірнеше жақтардың қарым-қатынасы барысында мақсаттары мен көзқарастарының өзара қарама-қайшылығы.

Конфликт түрлері

Әлеуметтік
конфликт

The diagram consists of two orange arrows pointing in opposite directions. The left arrow points left and contains the text 'Әлеуметтік конфликт' in yellow. The right arrow points right and contains the text 'Бейәлеуметтік конфликт' in white. The two arrows are connected at their inner ends by a white, ribbon-like shape that curves upwards and then downwards, creating a central space between the two text blocks.

Бейәлеуметтік
конфликт



Әлеуметтік конфликт субъектілері

□ Адамдар

- біздің заманымыздан 6 – 5 ғасырларда Қытай ойшылдары “янь – инь” тіршілік дамуының негізі десе, антикалық ойшылдардың барлығы дерлік соғыстың пайда болу себептері туралы жазды. Гераклит әлем тек соғыс пен қайшылық негізінде пайда болады деп жазса, Платон соғыс – өз жолындағының барлығына қайғы әкелетін қасірет деді. Ол болашақта соғыс болмайтын “алтын дәуір” туатынына сенді. Аристотель қоғамды басқарушы және бағынушы адамдарға бөлді. Ол “әлсіздер әр уақытта теңдікке ұмтылса, басшылардың ойына бұл туралы кіріп те шықпайды” деп жазған.

Бейәлеуметтік конфликт субъектілері

- Табиғат құбылыстары
- Ағылшын биологы Ч. Дарвин тіршілік үшін күресті бүкіл жаратылыс бастауы деп дәлелдеуге тырысты. Тартыс мәселесі туралы батыс зерттеушілерінің бірнеше теориялық мектептері қалыптасқан

Конфликттің зерттелуі

- Конфликттер адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауында пайда болады, сондықтан олар адаммен бірге жасап келеді. Техникалық ғылымдардан бастап, әлеуметтік-философиялық ғылымдарда да конфликт зерттеу нысанасы болып келеді. Конфликттер сонау антикалық заманнан бері Анаксимандр, Гераклит сияқты орта ғасырдағы Фома Аквинский, қайта өрлеу дәуіріндегі Т.Мора, Э. Роттердамский, Ф.Рабле, Ф.Бэкон, жаңа ғасырда И.Кант, Г.Гегель сияқты ойшылдарды қызықтырды. Тіршілік үшін әрекет механизмін қоғамға енгізе отырып, Л. Гумплович Дарвиннің табиғи таңдау идеясын дамытты. Соның негізінде социалдарвинизмнің негізін қалаушы болды. Ол әлеуметтік конфликттер табиғаты жайында келесі ойларын атап көрсетті: - конфликттер тарихи дамудың бейнесі болып табылады; - қоғамның билеушілер мен бағынушыларға бөлінуі мәңгілік құбылыс; - конфликттер қоғамның бірлігіне жәрдемдеседі. Кең ауқымда бірлестіктердің пайда болуына әсер етеді. неміс әлеуме танушысы Георг Зиммель ғылымға “конфликт социологиясы” терминін енгізген бірінші ғалым.


Қорытынды

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды. Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі: барлық адамдармен тең дәрежеде, дөрекілік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау; сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау; бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме

1. Сәбет Балтаұлы Бап-Баба (Бабаев) «Жалпы психология»;
2. Жарықбаев Қ. « Психология негіздері» 293-297-беттер;
3. Martebe.kz республикалық білім сайты





**Назарларыңызға
рақмет!!!**